

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

№ 11 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының  
жаңа жылдық мерекелігі  
«Жаңа жылым қош келдің!»



Музыка жетекшісі: Рахат Жиенғазықызы  
Тәрбиешілері: Абдыкова А.Т  
Нурғалиева А.Қ

2022-2023 оқк жылы

Жаңа жылға арналған мерекелік ертеңгілік өткізілетін, әсем безендірілген залға көңілді әуенмен балалар билеп кіреді.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар, қадірменді қонақтар!

Жаңа жылың құтты болсын жас ұрпақ,

Келген жылға қарамаңдар тосырқап.

Жаңа жылың құтты болсын аталар,

Сергек ұрпақ өздеріңнен нәр алар.

Жаңа жылың құтты болсын аналар,

Бүлдіршіндер өздеріңнен нәр алар.

Қара нарлар көтеріңдер жыл жүгін,

Сондарыңнан ере берсін боталар.

Бүгінгі «Құтты болсын, Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

**Жүргізуші:** Келді, міне, сағындырып далама

Келді, міне, Жаңа жыл қалама

Ән салып, жұмбақ болып, тақпақ болып.

Кәне, кәне келіңіздер

Би билеп ән салып беріңіздер!

**Жүргізуші:**

Жаңа жыл-туған елдің даналығы,

Жаңа жыл-дала ырысы, дала гүлі.

Жаңа жыл-тұнық көзі тыныштықтың ,

Жаңа жыл-ұлы ақынның жыр кемесі.

Балалардың жыр шумақтарына беріледі (тақпақтарын айтады)

**1.Жансая.** Сақалы аппақ күмістей,

Тістері аппақ күріштей,

Қызыл ала шапаны,

Сағындым Аяз - атаны.

**3.Жасмин.** Ақша қарға малынып,

Аппақ тонын жамылып,

Сақалы мен мұртына

Күміс моншақ тағылып

Аяз - ата келеді,

Балаларды сағынып.

**2.Көзайым.** Жүзімізде күлкі ойнап,

Қанаттанды жанымыз.

Жаңа жылды біз тойлап,

Шаттанамыз бәріміз.

**4.Ж.Мадина:**

Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан

Аяз Ата оралып.

**5.Айша.** Хорошо на Новый год,

Елка, песни, хоровод.

Я люблю его встречать

И подарки получать!

**6.Аяна.**

Жаңа жылым жол болсын,

Басқан қадам оң болсың.

Төрлет, төрлет жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын

### **7.М.Мадина.**

Снег кружится за окном.  
Елочка горит.  
Это значит, в каждый дом  
Дед Мороз спешит.

### **8.Айым:**

Әдемiлеп бiз iлген,  
Ойыншықтар тiзiлген.  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз.

### **9.Айзере.**Обажаю шоколадки,

И люблю конфетки.  
Дома все меня считают,  
Сладкоежкой редкую.  
Знаю,знаю, что принес,  
Добрый дедушка Мороз!

### **Ән: «Шырша жыры»**

**Микки-Маус:** Сәлем достар аман ба

Менде келдiм ортана  
Безендiрiп шыршаны  
Жыл куантты баршаны  
Той – маскарад басталды,  
Аяз оны басқарды.

Армысындар! Бармысындар, ағайын! Қане құшақ ашайық, достық тойын жасайық. Менің атым – Микки –Маус! Сендердің ән айтқан дауыстарыңды естіп қонаққа келдім!

**Жүргізуші :** Сәлеметсіз бе, Миики –Маус. Сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз! Төрлетіңіз.

### **Жүргізуші:**

Ал, қанеки, балалар,  
Ән мен жырға қосайық.  
Той-думанды жалғайық,  
Жаңа жылда шыршамызды,  
Би билейік айналып.

### **Би: «Кішкентай Микки-Маустар»**

**Жүргізуші:** Аяз ата мен Ақшақар келіп жеткенше ойын ойнап алайық.

### **Қимылды ойын: «Кім жылдам?»**

Ойынның шарты: Екі орындықта Аяз атамен Ақшақардың киімін жылдам киіп, шыршаны бір айналып келіп орнына отырады.

**Микки-Маус:** Ал балалар, енді мен басқа топтың балаларын да жаңа жыл мерекесімен құттықтап келейін, келесі кездескенше сау болыңдар балалар!

### **Жүргізуші :** Келді Аяз-атамыз

Қызыққа әбден батамыз  
Оянды әне Ақшақар  
Қарсаламыз баршамыз!  
Шаттанамыз бәріміз.

### **Ерден.**Жаңа жылда, Жаңа жылда,

Жаңаша тақпақ айтамыз.  
Болсын риза балаша  
Аппақ біздің атамыз

### **А.Мансур.**

Жүзімізде күлкі ойнап,  
Қанаттанды жанымыз.  
Жаңа жылды біз тойлап,  
Шаттанамыз бәріміз

**Еркебұлан.**

Ақ қар жапты даланы,  
Ақ жамылды айнала.  
Жарқыратып шамдарын,  
Шырша келді ортаға.!

**Арсен.**

Тілеймін мен бар әлемге,  
Дос көп болсын жанашыр,  
Ата - әже, ата - әже,  
Құтты болсын, Жаңа жыл!

**Бақтияр.** Оралды өлкеме

Жаңа жыл, армысың!

Оранды ақ көрпе,

Асқар тау, қарлы шың.

**Б.Алихан.** Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

**Жүргізуші:**

Кел, төрлет, Жаңа жылым, құтты жылым,

Өзіңді бүкіл әлем күтті бүгін.

Қарсы алдық сені еңселі еңбекпенен,

Жарқырап әне алдымнан шықты күнім.

Балалар жаңа жыл мерекесінің құтты қонақтары Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық, Шырша жанына барып тұрайық. Неге кешігіп жатыр екен? Қане барлығымыз шақырайық.

**Балалар:** Аяз ата, Ақшақар! Аяз ата, Ақшақар!

**Ақша қар:** Сәлеметсіз бе, балалар!

Сәлеметсіз, бе қонақтар!

Жаңа жыл құтты болсын!

Жаңа жыл сізге зор денсаулық, мол бақыт әкелсін!

**Ақшақар.**

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы.

Жалт-жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын.

Мінсіз қыстың сәні жоқ,

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Аяз ата әлі келмеді ме? Мен жылдам кетіп қалып едім, жолдан балаларды кездестіріп ән мен би тамашалап келемін.

**Жүргізуші:** Ау Ақшақар қош келдің, төрлет төрімізге қонағымыз. Сәлеметсіз бе!

**Жүргізуші:** Ал балалар ендеше Аяз ата сіздердің дауыстарыңызды естімеген болар қане шақырайық.

**Жүргізуші:** Ендеше, бізге аяз атаны шақырыңызшы.

**Балалар:** Аяз-атаны шақырайық. Аяз-ата, Аяз-ата! (Әуенмен Аяз-ата кіреді).

**Аяз-ата:** Амансындар ма ұлдарым! Амансындарма қыздарым! Мен алыс – алыс асулардан, Биік-биік таулардан, Қырат-қырат жерлерден асығып сіздерге келдім!

Жаңа жылмен, жаңа жылмен

Құттықтаймын бәріңді.

Жасым келіп қартайған,

Мен ақ шашты атамын,  
Жерді мұзбен, қармен қатырамын!  
Бүгін бірақ мейрімдімін,  
Ешкімдіде қатырмаймын,  
Ешкімді де ауыртпаймын! Амансыңба, ұлдарым  
Есенсізбе бе қыздарым  
Қандай жарқын жүздерің  
Қандай әсем жырларың  
Асулармен алысқан  
Асау желмен жарысқан  
Қасымда бар Ақшақар  
Ол да ренжіп қалмасын  
Ең бақытты балалар  
Оған да ән,би арнасын!

**Ақшақар:** Бәріміз шыршаға сиқырлы сөзімізді айтып көрейік:  
Қуант бізді таңырқат!  
Шамдарыңды жарқырат!

**Жүргізуші :** ( Шыршаның шамдары жанады) Қандай әсем шыршамыз.

**Жүргізуші:** Жаңа жыл-елімізді жарылқасын,  
Қиналып әр отбасы тарылмасын.  
Аяз ата бүгінгі келген күндей,  
Жүздеріңнен қуаныш арылмасын- -деген ниетпен, кезекті әнге береміз.

**Хор: «Маленкая елочка»**

**Жүргізуші:**

Тобымыздың бишілерін шақырайық,  
Қошеметпен, құрметпен қарсы алайық.  
Бишілерімізді, ырғалтып би билетіп,  
Қол соғып биік шыңға самғатайық

**Музыкалық ойын би: «Қатырма»**

**Тақпақтар.**

**Нұрмухаммед.**

Жаңа жылда, Жаңа жылда,  
Жаңаша тақпақ айтамыз.

Болсын риза балаша  
Аппақ біздің атамыз

**Ж.Мансур.**Жаңа жылмен, жаңа жылмен,

Құттықтаймыз әрине.

Әкемізді, анамызды

Қонақтардың бәрін де!

**Азат.**Бар баланың қонағы

Төрлет ата жоғары.

Барлық бала өзіндей

Қашан мырза болады?

**Махамбет:** О, алақай тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Жаңа жылда бәріміз

Ән айтамыз жаңаша.

**М.Алихан:** Сылдырлайды моншағы,

Шыршамыздың мол шамы.

Жаңа жылмен жайдары

Құттықтаймыз баршаны.

**Жүргізуші:** Қуанышпен шаттыққа кенелейік,  
Жадырап ән шырқап тербелейік.  
Төрле, төрлехалқымның құтты жылы,  
Бәріміз дөңгелене би билейік.

**Би: «Барбарики»**

**Аяз ата:**

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.  
Жаңа жылмен құттықтаймын сіздерді,  
Балаларға сыйлық әкеп тараттым!  
Жаңа жылдарың құтты болсын, ағайын.

*Аяз ата :*Жарайсыңдар балаларым! Мен бүгін бір қуанып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің де әдемі! Солай емес пе Ақшақар. Біздің балаларға әкелген сыйлықтарың тарту ете ғой. Басқа топтың да балаларының өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспан ашық болсын! Келесі жылы кездескенше қош болыңдар!

**Аяз ата:** Жаңа жыл Қоян жылы келді, енді сыйлықтарды да беруге болады.

*(Аяз ата шыршаның түбінде тұрған сиқырлы қарды алып екіге жарып жібергенде ,ішінен сыйлықтар шығады).*

**Аяз ата :** *Аяз ата мен Ақшақар қоштасып, шығып кетеді.*

**Жүргізуші:**

Жаңа жылда алауласын мың арман,  
Жаңалықтар қолын созып жүр алдан.  
Жаңа жылым жарқырай бер баршаны,  
Өткен жылда даңқын солай шығарған.  
Береке, ырыс келсін жерімізге.  
Қыспақты пейіліміз жеңіп шығып,  
Қуаныш шашу шашсын төрімізге- дей отырып бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

Жаңа жылымыз құтты болсын! Отбасыларыңызға бақыт, шаттық, қуаныш әкелсін! Сау болыңыздар!









